

## Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 19 шілде N 804. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.11.22. N 1641 қаулысымен. ~P971641

"Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 13 маусымдағы N 1731 U941731\_ Жарлығын орындау үшін, мемлекеттік басқару органдарын ұстау шығындарын қысқарту, олардан шаруашылық қызметті ажыратып алу, бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу және көлік пен байланыстың барлық түрлерінің қызметін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігіне мынадай негізгі міндеттер жүктелсін:

Қазақстан Республикасының көлік кешені мен коммуникациялар жүйесі қызметін мемлекеттік реттеу жұмысын үйлестіру және функцияларын жүзеге а с ы р у ;

мемлекетаралық және үкіметаралық ұйымдарда, көлік және коммуникациялар саласындағы халықаралық ынтымақтастықта Қазақстан Республикасының мүддесін білдіру;

меншік нысандарына қарамастан, көлік және коммуникациялардың барлық түрлерінің жұмыс істеуінің құқықтық және нормативтік тәртібін анықтайтын заң және басқа актілердің, стандарттар мен нормалардың жобаларын дайындау;

көлік және коммуникациялардың мемлекеттік ұлттық бағдарламалары мен тұжырымдамаларын әзірлеу, бірыңғай ғылыми-техникалық және әлеуметтік саясатты қалыптастыру мен жүргізу, сондай-ақ кадрларды оқыту мен даярлау;

көлік және коммуникациялардың қызмет көрсету нарығын қалыптастыру, экономикалық реформа жүргізу;

көлік және байланыстың қызмет көрсетуінде тұтынушылардың құқықтарын с а қ т а у д ы б а қ ы л а у .

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің мемлекеттік мүлікті, мемлекеттік акциялар пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқы бар мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдардың, акционерлік қоғамдардың, компаниялардың N 1 қосымшаға сәйкес тізімі, сондай-ақ

Қазақстан Республикасының көлік-коммуникация кешеніне кіретін ұлттық және мемлекеттік акционерлік /холдинг/ компаниялардың тізімі бекітілсін /N 2 қ о с ы м ш а / .

Мұнда мемлекеттік мүліктер мен мемлекеттік акциялар пакеттерін иелену құқы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік к о м и т е т і н д е қ а л а д ы .

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің орталық аппаратының құрамында автомобиль жолдары, автомобиль көлігі, су көлігі, темір жол көлігі, байланыс департаменттері құрылсын.

Департаменттерге Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайтын және лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігі алқасы құрамына кіретін департамент директорлары басшылық жасайды деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне бес министр орынбасарының, оның ішінде министрдің бір бірінші орынбасарының болуына, сондай-ақ саны 17 адамнан тұратын алқа болуына рұқсат етілсін. Алқаның дербес құрамын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің орталық аппараты үшін автомобиль жолдары, автомобиль көлігі, су көлігі, әуе көлігі, темір жол көлігі, көлік инспекциясы, байланыс департаменттерін, Мемлекеттік почтаның, Телекоммуникация жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияны, Радиожиілігі жөніндегі мемлекеттік комиссияны ескере отырып, 317 адамы бар штат саны /мекеме үйіне қызмет көрсетушілер мен күзетшілерді қоспағанда/ бекітілсін.<\*>

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министріне белгіленген сан шегінде орталық аппарат құрылымын бекіту құқы берілсін.

Ескерту. 5-тармақтың бірінші абзацында сөздер алмастырылған - ҚРМК-нің 14.12.1994 ж. N 1409 қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің орталық аппараты үшін лимит саны 15 қызметтік жеңіл автомашиналар б е л г і л е н с і н .

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінде іссапарлар үшін қызметтік жолаушылар вагоны болуына рұқсат етілсін, оны ұстау шығындары Қазақстан Республикасының темір жолына жатқызылсын.

7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің орталық аппараты республикалық бюджетте көзделген мемлекеттік басқару органдарын ұстауға бөлінген қаржы есебінен қаржыландырылсын.

8. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі бір

ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі туралы ережені дайындап, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне бекітуге ұсынсын.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі департаменттер туралы ережелерді бекітсін.

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының тараған Көлік министрлігінің қызмет үй-жайын қайта құрылған Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне беретін болсын, Байланыс департаментін, Радиожиілігі жөніндегі мемлекеттік комиссиясын және Телекоммуникациялар жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссиясын Қазақстан Республикасының таратылған Байланыс министрлігінің қызмет үй-жайына орналастыру туралы, компания пайдаланып отырған үй-жайдан Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің автомобиль жолдары және су көлігі департаменттеріне орын бөлу туралы мәселелерді қарасын. < \* >

Ескерту. 9-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1996.06.28. N 836 қаулысымен.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен республикалық бюджеттен мемлекеттік почта байланысының қызметін ішінара қаржыландыруды көздесін.

11. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің автомобиль жолдары мемлекеттік басқару органы болып табылады және ол аталған автомобиль жолдарын салуды, жөндеуді және ұстауды іске асырады деп белгіленсін. < \* >

Ескерту. 11-тармақтың 1-абзацынан сөздер алынып тасталды және 2-абзац күшін жойды - 1996.06.28. N 836 қаулысымен.

Р 9 6 0 8 3 6 \_

12. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясының қатысуымен бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының "Жол қоры туралы" Заңына сәйкес құрылатын жол қоры қаржыларын пайдалану тәртібі туралы ұсыныс енгізсін.

13. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің, "Евразия-пресс" республикалық редакциялық-баспалық корпорациясының және "Егемен Қазақстан" газеті редакциясының көлік және коммуникациялар жұмысын жазып отыратын "Казахстанская правда" және "Егемен Қазақстан" газеттеріне апталық қосымша шығару туралы ұсыныстарына келісім берілсін.

14. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

мен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Үкіметтің көлік кешені мен коммуникация жүйелері жұмыстарын реттейтін бұрын қабылданған шешімдерін өзгерту немесе жою жөніндегі ұсыныстарын 3 ай мерзім ішінде дайындап, Министрлер Кабинетіне тапсырсын.

15. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің министрлік жанынан ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен үйлестіру, басым ғылыми бағыттар мен бағдарламаларды қалыптастыру, ғылыми кадрларды даярлауға көмектесу жүктелетін шаруашылық есепте жұмыс істейтін көлік және коммуникациялар жөніндегі ғылыми орталық құруды ұйымдастыру туралы ұсынысына келісім берілсін.

16. Былай деп белгіленсін:

темір жол бастықтарын Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайды /босатады/;

мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдар мен бірлестіктердің бірінші басшыларын Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі тағайындайды /босатады/;

мемлекеттік акционерлік компаниялардың басшылығын тағайындау және бекіту Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 шілдедегі "Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процесінде шаруашылық жүргізушілердің жұмысын мемлекеттік реттеу мәселелері туралы" N 606 қаулысымен анықталған тәртіп бойынша іске асырылады /Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 28, 341-бет/.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 19 шілдедегі  
N 804 қаулысына

N 1 қосымша

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мемлекеттік мүлікті және мемлекеттік акциялар пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқы бар мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдардың, акционерлік компаниялардың, қоғамдардың

ТІЗІМІ

Автомобиль көлігі бойынша:

Ақмола облысы

	N	2 5 5 2	а в т о к о л о н н а
		А қ м о л а	а в т о к о м б и н а т ы
N 1 Ақмола автокөлік кәсіпорны			
Ақтөбе облысы			
		Ақтөбе	автокөліктік экспедициялық кәсіпорны
N 2577 автоколонна			
Алматы облысы			
	N	2 5 5 1	а в т о к о л о н н а
	N	2 5 7 1	а в т о к о л о н н а
	N	2 5 6 2	а в т о к о л о н н а
	Алматы	автокөлік	кәсіпорны
	Ұзынағаш	автокөлік	кәсіпорны
	Қаскелең	автокөлік	кәсіпорны
	Қапшағай	автокөлік	кәсіпорны
	Талғар	автокөлік	кәсіпорны
	Шелек	автокөлік	кәсіпорны
	Шонжа	автокөлік	кәсіпорны
Атырау облысы			
	N	2 5 5 3	а в т о к о л о н н а
Доссор автокөлік кәсіпорны			
Шығыс Қазақстан облысы			
	N	2 5 7 8	а в т о к о л о н н а
	Өскемен	автокөлік	экспедициялық кәсіпорны
N 1 Өскемен автокөлік кәсіпорны			
Жамбыл облысы			
	N	2 5 5 4	а в т о к о л о н н а
	N	2 5 8 1	а в т о к о л о н н а
	Қордай	автокөлік	кәсіпорны
	Шу	автокөлік	экспедициялық кәсіпорны
Мерке автокөлік кәсіпорны			
Жезқазған облысы			
	Балқаш	автокөлік	кәсіпорны
Жезқазған автокөлік кәсіпорны			
Батыс Қазақстан облысы			
	N	2 5 5 5	а в т о к о л о н н а
	N	2 5 9 2	а в т о к о л о н н а
			А в т о к о м б и н а т
"Межавтотранс" автокөлік кәсіпорны			

Қарағанды облысы

N 2 5 7 6 автоколонна  
N 2 5 8 2 автоколонна  
N 2 5 9 1 автоколонна

Осакаров автокөлік кәсіпорны  
N 3 Қарағанды автокомбинаты  
Теміртау автокөлік кәсіпорны

Киев автокөлік кәсіпорны

Көкшетау облысы

N 2 5 5 7 автоколонна  
N 2 5 8 5 автоколонна  
Келлеров автокөлік кәсіпорны  
Зеренді автокөлік кәсіпорны

Володар автокомбинаты

Қостанай облысы

N 2 5 5 6 автоколонна  
N 2 5 6 7 автоколонна  
N 2 5 7 9 автоколонна  
N 2 5 8 9 автоколонна

Семиозер автокөлік кәсіпорны

Аманқарағай автокөліктік экспедициялық кәсіпорны

Воровск автокөлік кәсіпорны

Павлодар облысы

N 2 5 6 4 автоколонна  
N 2 5 6 5 автоколонна  
N 2 5 6 6 автоколонна  
N 2 5 6 8 автоколонна

N 2572 автоколонна

Солтүстік Қазақстан облысы

N 2 5 5 9 автоколонна

Сергеев автокөлік кәсіпорны

Семей облысы

N 2 5 5 8 автоколонна  
N 2 5 8 4 автоколонна  
N 2 5 9 0 автоколонна

Көкпекті автокөлік кәсіпорны

Мақаншы автокөлік кәсіпорны

N 2 Семей автокөлік кәсіпорны  
Семей автокөлік экспедициялық кәсіпорны

Аягөз автокөлік экспедициялық кәсіпорны

Талдықорған облысы

N 2 5 6 0 автоколонна

Панфилов автокөлік кәсіпорны

Сарқанд автокөлік кәсіпорны

Торғай облысы

Арқалық автокөлік экспедициялық кәсіпорны

Арқалық автокөлік кәсіпорны

Аманкелді автокөлік кәсіпорны

Торғай автокөлік кәсіпорны

Оңтүстік Қазақстан облысы

N 2 5 6 1 автоколонна

N 2 5 8 0 автоколонна

N 2 Шымкент автокомбинаты

Киров автокөлік кәсіпорны

Түркістан автокөлік экспедициялық кәсіпорны

Қызылорда облысы<\*>

Автокомбинат, Материалдық-техникалық қамтамасыз ету кәсіпорны: Қызылорда қаласындағы автомобильге техникалық

қызмет көрсету орталығы;

Қазалы автокөлік кәсіпорны;

Шиелі автокөлік кәсіпорны

Алматы қаласы

N 2 5 7 3 автоколонна

N 2 5 7 4 автоколонна

N 2 5 8 8 автоколонна

Алматы автокөлік экспедициялық кәсіпорны

"Қазинтеравтокөлік-Арғымақ" республикалық өндірістік

сыртқы экономикалық бірлестігі

"Қазақстан автомобиль көлігі" журналының редакциясы

Әуе көлігі бойынша:

"Қазаэрожоба" мемлекеттік жобалау-іздістіру және ғылыми-зерттеу

и н с т и т у т ы

Ақтөбе жоғары азаматтық авиация училищесі

N 405 Алматы авиажөндеу зауыты

N 406 Ақтөбе авиажөндеу зауыты

Темір жол көлігі бойынша:

А л м а т ы      т е м і р      ж о л ы  
Б а т ы с      Қ а з а қ с т а н      т е м і р      ж о л ы  
Т ы ң      т е м і р      ж о л ы  
Оңтүстік Орал темір жолының Петропавл бөлімшесі  
Алматы темір жол көлігі инженерлері институты  
Темір жол көлігі техникумдары  
"Қазгипрокөлік" темір жол көлігі объектілерін техникалық  
экономикалық зерттеу және жобалаудың республикалық Бас  
институты Темір жол көлігінің зауыттары:  
"АЭВРЗ-РЫСТЫ" акционерлік қоғамы  
Ақмола вагон жөндеу зауыты  
Арал вагон жөндеу зауыты  
Ақтөбе темір бетон шпалдары зауыты  
Вишневск темір бетон шпалдары зауыты

Су көлігі:

"Казречморфлот" республикалық өндірістік бірлестігі  
Шығыс Қазақстан өзен-кеме шаруашылығы  
Бірінші май кеме жасау-кеме жөндеу шеберханалары  
Глубоков кеме жасау-кеме жөндеу шеберханалары  
Павлодар жол шаруашылығының техникалық учаскесі  
Шығыс Қазақстан гидроқұрылыстар ауданы  
Семей конструктор бюросы  
Қазақстан Республикасының теңіз және өзен регистрі  
Су жолы қауіпсіздігінің аймақтық инспекциясы  
Жоғарғы Ертіс бассейні су жолы басқармасы  
"Балқаш" кеме жағасы  
Семей өзен флоты техникумы  
"Ақтау" теңіз сауда порты  
"Ақтау" мемлекеттік акционерлік халықаралық теңіз көлігі  
компаниясы

Байланыс кәсіпорындары:

Мемлекеттік почта < \* >  
Мемлекеттік электробайланыс инспекциясы  
Мемлекеттік фельдъегер қызметі  
Мемлекеттік "Промсвязь" кәсіпорны  
"Целинсвязьстрой" мамандандырылған құрылыс-монтаж тресі  
"Байланыс" газеті мен "Связь: техника, экономика  
производства" журналының редакциялары  
Радиожиілігі жөніндегі мемлекеттік комиссия



Ескерту. Өзгеріс - ҚРМК-нің 1994 ж. 15 желтоқсандағы N 1412  
қаулысымен енгізілді. P941412\_

Ескерту. Өзгеріс - ҚРМК-нің 1994 ж. 14 желтоқсандағы N 1409  
қаулысымен енгізілген.

Ескерту. Қосымшаға толықтыру енгізілген - ҚРМК-нің 1995.04.27.  
N 563 қаулысымен. P950563\_